

Халықаралық Түркі әлемінің ғылыми олимпиадасы 2-10 маусым 2014 ж., Ескишехир қ. (Түркия)

«Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі» ММ және «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК арасындағы 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 16 келісім-шартты орындау мақсатында 2014 жылғы 2-10 маусымда Түркияның Ескишехир қаласына Халықаралық түркі әлемінің ғылыми олимпиадасына «ЭКСПО-2017» балалардың көзімен» атты «Мектеп табалдырығынан ғылымға» ғылым және техниканың халықаралық ғылыми тәжірибелік форумы мен «Ата-бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» республикалық көрме жеңімпаздары жолданды.

Олимпиаданың негізгі мақсаты – түркі әлемі оқушыларының ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру, оларды болашақ Нобель сыйлығының лауреаттары ретінде тәрбиелеу.

Олимпиаданың бағдарламасында Ескишехир қаласында олимпиадаға қатысушылардың шеруі, олимпиаданың салтанатты ашылуы, ғылыми олимпиаданың көрмесіне қатысу, Ататүрк мұражайы мен мәдени орталығына экскурсия, аквапаркте демалу қарастырылды.

Ғылыми олимпиадаға 20-ға жуық мемлекет қатысты. Олимпиада Түркияның Ескишехир қаласындағы Османғазы университетінде өткізілді. Олимпиадаға Қазақстан, Азербайжан, Түркия, Қырым, Алтай, Башқұртыстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, Босния және Герцеговина, Косово, Македония, Молдова, Албанияның мектеп оқушылары қатысты.

Қазақстан Республикасы делегациясының құрамы:

- 1) Бекболат Оразалы, Шығыс Қазақстан облысы, Көкпекті ауданы, Самар ауылы, Самар орта мектебінің 9-сынып білім алушысы;
- 2) Кәмелтай Самат, Астана қаласы № 18 орта мектебінің 6-сынып білім алушысы;
- 3) Саруарбекова Венера Жоламановна, ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу әдістемелік орталығының әдіскері, топ жетекшісі.

Кәмелтай Самат олимпиадада «Қоқыс өңдеу зауыты» ғылыми жобасымен екінші орынды иеленді.

Оқушылар халықаралық олимпиадаға қатысу бойынша тәжірибе жинақтады, басқа елдердің мәдениеті және салтымен танысты. Қатысушылармен тілдесу және тәжірибе алмасу атмосферасына бөленді. Бұл шара жас ғалымдарды, зерттеушілерді тәрбиелеуге, оқушылардың ғылымға және инновациялық технологияларға деген қызығушылықтарын арттыруға, сонымен қатар өз мүмкіндіктерін іске асыруға және өзін-өзі бағалауларын жоғарылатуына мүмкіндік туғызды.

Ғылыми олимпиаданың қатысушыларына сертификаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.